# Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру бойынша 2014 - 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 752 қаулысы.

"Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдама туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 732 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру бойынша 2014 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Жоспардың орындалуына жауапты мүдделі ұйымдар:

1) Жоспарды іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) жылдың қорытындысы бойынша, есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне оның іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 27.01.2017 № 22 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жылдың қорытындысы бойынша, есепті жылдан кейінгі жылдың 20 ақпанынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 27.01.2017 № 22 қаулысымен.

4. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.06.2017 № 374 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 30 маусымдағы
№ 752 қаулысымен
бекітілген

# Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру бойынша 2014 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

Ескерту. Жоспар жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 27.01.2017 № 22 қаулысымен.

| Р/с № | Іс-шара атауы | Аяқтау нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындау мерзімі | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. Адами капиталды дамыту | | | | | |
| 1. Білім беруді және бірегей қазақстандық мәдениетті дамыту | | | | | |
| 1. | "Болашақ" бағдарламасын экономиканың ғылымды көп қажет ететін жоғары технологиялық салалары үшін мамандар даярлауға бағдарлау | ҰЭМ-ге ақпарат | БҒМ (жинақтау), ҰЭМ | қаңтар, 2020 жылға дейін жыл сайын | талап етілмейді |
| 2. | Шет елдегі жоғары технологиялық стартаптарда білім алушылардың тағылымдамаларын ұйымдастыру мәселесін қарау | ҰЭМ-ге ақпарат | БҒМ | қаңтар, 2020 жылға дейін жыл сайын | талап етілмейді |
| 3. | Кино, театр, музыка, көркемөнер және әдебиет салаларында сапалы жаңа мәдени өнімдер жасауды ынталандыру жөнінде шаралар қабылдау | ҰЭМ-ге есеп | МСМ | қаңтар, 2020 жылға дейін жыл сайын | талап етілмейді |
| 4. | Инклюзивті білім беруді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру. 2020 жылға қарай инклюзивті білім беру үшін жағдайлар жасаған мектептердің үлесі 70 %-ды құрауы тиіс | ҰЭМ-ге ақпарат | БҒМ | қаңтар, 2020 жылға дейін жыл сайын | талап етілмейді |
| 2. Халықтың денсаулығын жақсарту | | | | | |
| 5. | Фармацевтикалық қызмет субъектілерінің GxP (GLP, GCP, GMP, GDP, GPP, GVP) тиісті фармацевтикалық практикаларын енгізуіне дайындық | ЭБЖМ-ге ақпарат | ДСМ | қаңтар, 2016 жылға дейін жыл сайын | талап етілмейді |
| 6. | GMP саласында белсенді ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін PIC/S фармацевтикалық инспекциялық органдардың халықаралық ұйымына кіру | ҰЭМ-ге ақпарат | ДСӘДМ | қаңтар, 2020 жылға дейін жыл сайын | талап етілмейді |
| 7. | Отандық медициналық ЖОО-лардың зерттеу университеттері мәртебесін алуы | Үкіметтің қаулысы | ДСӘДМ (жинақтау), БҒМ | 2018 жылғы желтоқсан | талап етілмейді |
| 8. | Барлық деңгейдегі мейіргер ісі мамандарын даярлау жүйесін (ТжКБ, қолданбалы бакалавриат, бакалавриат, магистратура, PhD докторантурасы) Европалық директиваларға сәйкес келтіру | бұйрық | ДСӘДМ (жинақтау), БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | 2019 жылғы желтоқсан | талап етілмейді |
| 3. Халықты әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру | | | | | |
| Халықтың осал топтарын әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету | | | | | |
| 9. | Халықтың өзін-өзі жұмыспен арасында, жұмыссыз және аз қамтылған топтары арасында кәсіптік бағдарлау мен мамандық таңдауда көмек көрсету бойынша шаралар қабылдау | ҰЭМ-ге ақпарат | ДСӘДМ | қаңтар, 2020 жылға дейін жыл сайын | талап етілмейді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10. | Мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктерін ескере отырып, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім берудің бағдарламаларын қайта қарау | ҰЭМ-ге ақпарат | БҒМ (жинақтау), ДСӘДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | қаңтар, 2020 жылға дейін жыл сайын | талап етілмейді |
| Еңбек қатынастарын жетілдіру | | | | | |
| 11. | Қауіпсіздікке және еңбек гигиенасына жәрдемдесетін негіздер туралы конвенцияны (187-Конвенция) ратификациялауды қамтамасыз ету | ЭБЖМ-ге ақпарат | Еңбекмині | 2015 жылғы желтоқсан | талап етілмейді |
| 12. | "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек қатынастары және еңбекті қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы жобасының тұжырымдамасын әзірлеу | Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ВАК шешімі | Еңбекмині | 2016 жылғы маусым | талап етілмейді |
| 2. Институционалдық ортаны жетілдіру | | | | | |
| 1. Басқару жүйесін және сот-құқық қорғау жүйесін жаңғырту | | | | | |
| Сот жүйесін жетілдіру | | | | | |
| 13. | Құқық үстемдігін нығайту, сондай-ақ ұлттық заңнамаға сот ісін жүргізудің халықаралық қағидаттарын одан әрі имплементациялау бойынша ұсыныстар енгізу | ҰЭМ-ге ақпарат | ЖС (келісім бойынша) (жинақтау), БП (келісім бойынша) | 2016 жылғы қаңтар | талап етілмейді |
| 14. | Бірінші инстанциядағы соттардың рөлін күшейту, соттарға құқықтан тыс ықпал етуге қарсы іс-қимыл жасау, оларға деген сенімді арттыру бойынша шаралар қабылдау | ҰЭМ-ге ақпарат | ЖС (келісім бойынша) (жинақтау), БП (келісім бойынша) | 2016 жылғы наурыз | талап етілмейді |
| 15. | Бітімгер судьялар институтын енгізу мәселесін, сондай-ақ бір сотта бірнеше сот инстанцияларының жұмыс істеуі мәселесін зерделеу | ҰЭМ-ге ақпарат | ЖС (келісім бойынша) | 2018 жылғы ақпан | талап етілмейді |
| 16. | Бітімгерлік рәсімдерін және медиацияны қолдана отырып, дауларды соттан тыс реттеу институттарының қызметін жетілдіру | ЭБЖМ-ге ұсыныстар | ЖС (келісім бойынша) | 2015 жылғы желтоқсан | талап етілмейді |
| 17. | Азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізуде сот рәсімдерін оңайлату | ҰЭМ-ге ақпарат | ЖС (келісім бойынша) | қаңтар, 2020 жылға дейін жыл сайын | талап етілмейді |
| Елдегі сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету | | | | | |
| 18. | Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы Стамбул сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-қимыл жоспарын мониторингтеудің үшінші раундының ұсынымдарын ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру бойынша шаралар қабылдау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | ЭСЖКА (келісім бойынша) (жинақтау), БП (келісім бойынша), ІІМ | 2015 жылғы желтоқсан | талап етілмейді |
| 2. Шағын және орта бизнесті дамыту | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 19. | Халықаралық университеттермен әріптестікті кеңейтуге назар аудара отырып, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметтің практикасын қамтамасыз ету жолымен ЖОО-да іскерлік білім беру сапасын жақсарту | ҰЭМ-ге есеп | БҒМ (жинақтау), "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша) | қаңтар, 2017 жылға дейін жыл сайын | талап етілмейді |
| 3. Зияткерлік меншікті қорғау жүйесін жетілдіру | | | | | |
| 20. | Өтінімдерді электрондық түрде бергені үшін патенттік баж мөлшерін азайтумен бір мезгілде электрондық үкімет порталы арқылы патенттер алуға өтінімдерді электрондық түрде беру мүмкіндігін қамтамасыз ету | ЭБЖМ-ге ақпарат | Әділетмині (жинақтау), БАА | 2015 жылғы қаңтар | талап етілмейді |
| 3. Ғылымды көп қажет ететін экономика салаларын дамыту | | | | | |
| 1. Өнеркәсіптің базалық салаларын дамыту | | | | | |
| 21. | Жергілікті компанияларды, ұлттық ғылыми-зерттеу институттарын және шетелдік мердігер компанияларды біріктіретін мұнай саласындағы "экожүйелер" құру үшін шаралар қабылдау | ҰЭМ-ге ақпарат | ЭМ (жинақтау), "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ (келісім бойынша) | қаңтар, 2020 жылға дейін жыл сайын | талап етілмейді |
| 22. | Қазақстандық мұнай-газ саласындағы инженерлік-техникалық персоналды озық халықаралық тәжірибемен және инновациялық техникалық-технологиялық шешімдермен ауқымды таныстырудың коммуникациялық алаңдарын қалыптастыру | ҰЭМ-ге ақпарат | ЭМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар | қаңтар, 2018 жылға дейін жыл сайын | талап етілмейді |
| 2. Өңдеу өнеркәсібін дамыту | | | | | |
| 23. | Экспорт нарықтарындағы техникалық кедергілерді жою мақсатында стандарттау жөніндегі халықаралық техникалық комитеттердің, стандарттау жөніндегі мемлекетаралық және өңірлік ұйымдардың жұмысына белсенді қатысуды қамтамасыз ету | ҰЭМ-ге есеп | ИДМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар | қаңтар, 2020 жылға дейін жыл сайын | талап етілмейді |
| 3. Жоғары технологиялық агроөнеркәсіптік кешен құру | | | | | |
| 24. | Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдаманың ережелерін ескере отырып, "Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған " Агробизнес-2020" бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы № 151 қаулысына өзгеріс енгізу | Үкіметтің қаулысы | АШМ (жинақтау), ЭБЖМ | 2014 жылғы маусым | талап етілмейді |
| 4. Көрсетілетін қызметтер секторын дамыту | | | | | |
| 25. | Логистикалық көрсетілетін қызметтер провайдерлерінің мүмкіндіктерін, оның ішінде мультимодальды тасымалдар мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру есебінен кеңейту | ҰЭМ-ге ақпарат | ИДМ (жинақтау), "ҚТЖ" ҰК" АҚ (келісім бойынша) | қаңтар, 2020 жылға дейін жыл сайын | талап етілмейді |
| | "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғарыш қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" | Заң жобалау қызметі мәселелері | ҰҒА (жинақтау), мүдделі | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 26. | Қазақстан Республикасының Заңы жобасының тұжырымдамасын әзірлеу | жөніндегі ВАК шешімі | мемлекеттік органдар | 2015 жылғы шілде | талап етілмейді |
| 4. Ғылымды көп қажет ететін экономиканың инфрақұрылымын жеделдете қалыптастыру | | | | | |
| 1. Өсу факторларының өнімділігін арттыру | | | | | |
| 27. | Әлемдік "бенчмаркаларға" сәйкес экономиканың барлық салалары үшін өнімділікті мониторингтеудің ұлттық жүйесін әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізу | ЭБЖМ-ге ұсыныстар | ЭБЖМ, СА, мүдделі мемлекеттік органдар | 2016 жылғы қаңтар | талап етілмейді |
| 2. Ұлттық инновациялық жүйені дамыту | | | | | |
| 28. | Инновациялық әзірлемелер мен жаңа технологиялардың сараптамалары жүйесін жетілдіру | ЭБЖМ-ге ақпарат | ИЖТМ (жинақтау), БҒМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), "ТДҰА" АҚ (келісім бойынша) | 2015 жылғы қаңтар | талап етілмейді |
| 29. | Неғұрлым перспективалы инновациялық идеялар мен жобаларды анықтау және қолдау, оларды енгізу, масштабтау және ілгерілету, сондай-ақ талантты инноваторларды іздеу және қолдау мақсатында мемлекеттік қолдау құралдарының жүйесін іске асыру | ҰЭМ-ге ақпарат | ИДМ (жинақтау), БҒМ, мүдделі мемлекеттік органдар | қаңтар, 2020 жылға дейін жыл сайын | талап етілмейді |
| 3. Инфрақұрылымдық шектеулерді жою | | | | | |
| 30. | "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы жобасының тұжырымдамасын әзірлеу | Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ВАК шешімі | ИДМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар | 2017 жылғы шілде | талап етілмейді |
| 4. "Жасыл экономикаға" көшу арқылы тұрақты даму | | | | | |
| 31. | Өндірістің энергияны көп қажет етуін төмендету және өндірістің эталондық тәсілдерін енгізген компанияларды қолдау мақсатында "Энергия тиімділіктегі көшбасшы" бағдарламасын әзірлеу және енгізу | ЭБЖМ-ге ақпарат | ИЖТМ (жинақтау), ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар | 2016 жылғы қаңтар | талап етілмейді |
| 32. | Өнімді алумен бірге қалдықтарды қайта пайдалану тетігін енгізу | ҰЭМ-ге ақпарат | ЭМ | қаңтар, 2016 – 2020 жылдар аралығында жыл сайын | талап етілмейді |
| | | | ҚОСРМ (жинақтау), ЭБЖМ, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 33. | Өнеркәсіптік кәсіпорындарды іргелес аумақтардағы қоршаған ортаны қорғау мен қалпына келтіруге инвестиция салуға ынталандыратын "таза шығындардың болмауы" тетігін енгізу | ЭБЖМ-ге ұсыныстар | МГМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | 2016 жылғы қаңтар | талап етілмейді |
| 34. | "Жасыл экономиканың" мынадай: ұлттық желіге ықпалдастырылмаған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, тиімді ауыл шаруашылығы ( жылыжай шаруашылықтарын құра және тамшылатып суаруды пайдалана отырып), қалдықтарды орталықтандырылған жинауды ұйымдастыру, кәдеге жарату және қайта өңдеу, тұйық ресурстық циклге көшу қағидаттарына сәйкес бірнеше (2-3) пилоттық тірек ауылдық елді мекендерді, шалғайдағы ауылдар мен кенттерді трансформациялау бойынша жоспар әзірлеу және қайта құруларды жүзеге асыру бойынша ұсыныстар | ЭБЖМ-ге ұсыныстар | ҚОСРМ ( жинақтау), АШМ, ӨДМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | 2016 жылғы қаңтар | талап етілмейді |
| 5. Әлемдік және өңірлік экономикаға ықпалдасуды тереңдету | | | | | |
| 35. | Инвестициялар көлемін үдету арқылы Орталық Азия елдерімен байланыстарды тереңдетуді қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар | ҰЭМ-ге ақпарат | ИДМ ( жинақтау), СІМ, ҰЭМ | қаңтар, 2020 жылға дейін жыл сайын | талап етілмейді |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

| | |
|---|---|
| БП | – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы |
| ЖС | – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты |
| СІМ | – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі |
| ИДМ | – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі |
| МСМ | – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі |
| БҒМ | – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |
| ЭМ | – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі |
| АШМ | – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| ІІМ | – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі |
| ҰЭМ | – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі |
| ДСӘДМ | – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі |
| Әділетмині | – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі |
| ДСМ | – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |
| ЭБЖМ | – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі |
| Еңбекмині | – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |
| ЭСЖКА | – Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі |
| БАА | – Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат агенттігі |
| ҰҒА | – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі |

| | | |
|---|---|---|
| ИЖТМ | – | Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі |
| ҚОСРМ | – | Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі |
| МГМ | – | Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі |
| ӨДМ | – | Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі |
| СА | – | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі |
| "Атамекен" ҰКП | – | "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы |
| "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ | – | "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы |
| "ҚТЖ" ҰК" АҚ | – | "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы |
| "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ | – | "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы |
| "ТДҰА" АҚ | – | "Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік" акционерлік қоғамы |
| ЖОО | – | жоғары оқу орны |
| ВАК | – | ведомствоаралық комиссия |
| ТжКБ | – | техникалық және кәсіптік білім |
| PhD | – | Doctor of Philosophy (ғылым докторы) |
| GxP | – | Good x Practice (тиісті x практика) |
| GLP | – | Good Laboratory Practice (тиісті зертханалық практика) |
| GCP | – | Good Clinical Practice (тиісті клиникалық практика) |
| GMP | – | Good Manufacturing Practice (тиісті өндірістік практика) |
| GDP | – | Good Distribution Practice (тиісті дистрибьюторлық практика) |
| GPP | – | Good Pharmacy Practice (тиісті дәріханалық практика) |
| GVP | – | Good Pharmacovigilance Practice (тиісті фармакологиялық қадағалау практикасы) |
| PIC/S | – | Pharmaceutical Inspection Cooperation Scheme (халықаралық фармацевтикалық инспекциялар ынтымақтастығының жүйесі) |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК